

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" № 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 13 маусымдағы № 100 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-бабына және Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4 және 37-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" № 30 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 13 маусымдағы
№ 100 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"№ 22 қосымшаға сәйкес "Зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде пайдалануға жататын өсімдіктерді қорғау құралдары мен басқа да күшті органикалық ластауыштарды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына әкелу туралы ережеде".

2. 5-тармақтағы "№ 22 қосымшаға" деген сөздер "№ 23 қосымшаға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Көрсетілген Шешімге № 1 қосымшаның 1.4-бөліміндегі сілтеме мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы бөлімде көрсетілген, 1-ден 10 мл-ге (г) дейінгі көлемде герметикалық жабылған ампулаларға немесе шыныларға оралған, зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде пайдалануға жататын өсімдіктерді

қорғау құралдары мен басқа да күшті органикалық ластауыштарды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына әкелуді қоспағанда."

4. Көрсетілген Шешімге № 2 қосымша мынадай мазмұндағы 2.30-бөліммен толықтырылсын:

"2.30. Зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде пайдалануға жататын өсімдіктерді қорғау құралдары және басқа да күшті органикалық ластауыштар

Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Химия бойынша аналитикалық шолуларды дайындау қызметі тізіліміндегі нөмірі (КАС)
1. Альдрин	2903 82 000 0 3808 59 000 9	309-00-2
2. Хлордан	2903 82 000 0 3808 59 000 9	57-74-9
3. Диэдрин	2910 40 000 0 3808 59 000 9	60-57-1
4. Эндрин	2910 90 000 0	72-20-8
5. Гептахлор	2903 82 000 0 3808 59 000 9	76-44-8
6. Гексахлорбензол	2903 92 000 0 3808 59 000 9	118-74-1
7. Мирекс	2903 83 000 0 3808 91 200 0	2385-85-5
8. Камфехлор (токсафен)	3808 59 000 9	8001-35-2
9. Полихлорландырылған дифенилдер (ПХД), полихлорирландырылған бифенилдер (ПХБ)	2903 99 3824 82 000 0	
10. ДДТ (1-1-трихлор-2,2-бис(p-хлорфенил)этан)	2903 92 000 0 3808 59 000 9	50-29-3

1. Осы бөлімнің мақсаттары үшін ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да және тауардың атауын да (физикалық және химиялық сипаттамаларын) басшылыққа алу қажет.

2. 2001 жылғы 22 мамырдағы Күшті органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясына А және В қосымшаларының күші қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдары мен басқа да күшті органикалық ластауыштар зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде пайдалану үшін 1-ден 10 мл-ге (г) дейінгі көлемде герметикалық жабылған ампулаларға немесе шыныларға салынып әкелінеді."

Бөлімге ескертпелер:

5. Мынадай мазмұндағы № 22 қосымшамен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының

**Зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде пайдалануға жататын өсімдіктерді қорғау құралдарын және басқа да күшті органикалық ластауыштарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2001 жылғы 22 мамырдағы Күшті органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясының 3-бабы 5-тармағының ережелерін ескере отырып, Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.30-бөліміне енгізілген өсімдіктерді қорғау құралдары мен басқа да күшті органикалық ластауыштарды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына әкелудің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкелу) тәртібін айқындайды.

Аталған өсімдіктерді қорғау құралдары мен басқа да күшті органикалық ластауыштар Одақтың кеден аумағына зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде (бұдан әрі – үлгілер) пайдалану үшін, оның ішінде тамақ өнімдерін, суды, ауаны зертханалық зерттеу және олардың қауіпсіздігіне бақылау жүргізу, зертханааралық салыстырмалы сынақтар жүргізу, өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу кезінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау шеңберінде қажетті 1-ден 10 мл-ге (г) дейінгі көлемде герметикалық жабылған ампулаларға немесе шыныларға салынып әкелінеді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша), Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Одақтың кеден аумағына үлгілерді әкелу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалған қорытынды (рұқсат құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат құжаты)) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Қорытынды (рұқсат құжаты), осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Одақтың кеден аумағына үлгілер келген кезде Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына ұсынылады.

5. Жеке тұлғалардың үлгілерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкелуіне тыйым салынады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

6. Үлгілерді жеке тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат құжаты) ұсынылған кезде жүзеге асырылады.

7. Үлгілерді Одақтың кеден аумағына келетін жердегі кеден органынан бастап ішкі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру оларды жеке тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастыру үшін берілген қорытынды (рұқсат құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

8. Үлгілер Одақтың кеден аумағына келетін жердегі кеден органынан бастап Одақтың кеден аумағынан кететін жердегі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастырылған жағдайда мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат құжатын) ұсыну талап етілмейді.

9. Үлгілерді кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастыруға, кеден аумағында қайта өңдеуге, ішкі тұтыну үшін қайта өңдеуге, еркін кеден аймағы, еркін қойма, уақытша әкелу (жіберу), бажсыз сауда, кері импорт, жою, арнайы кедендік рәсім және мемлекет пайдасы үшін бас тартуға жол берілмейді.

III. Қорытынды (рұқсат құжатын) беру

10. Қорытынды (рұқсат құжаты) заңды тұлға (бұдан әрі – өтініш иесі) мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат құжаттарын) беруге уәкілетті органына мынадай құжаттарды:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне арналған қорытындының (рұқсат құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат құжатының) жобасын;

б) шарттың (келісімшарттың) көшірмесі, ал шарт (келісімшарт) болмаған кезде тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттың көшірмесін;

в) салық органында есепке қойылғаны туралы құжаттың көшірмесін;

г) зертханалық ауқымдағы зерттеулерде, сондай-ақ эталондық стандарт ретінде пайдалану үшін үлгілердің нақты санын әкелу қажеттігін негіздейтін құжаттың көшірмесін ұсынған кезде беріледі.

11. Мына негіздер болған кезде қорытындыны (рұқсат құжатын) беруден бас тартылады:

а) өтініш иесі осы Ереженің 10-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаса;

б) өтініш иесі қорытынды (рұқсат құжатын) алу үшін ұсынған құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес мәліметтер болса;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздемелер болғанда."

6. Көрсетілген Шешімге № 22 қосымшаның нөмірлі тақырыбындағы "22" деген цифрлар "23" деген цифрлармен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ